

Кімге: «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына

Кімнен: «Жыр – жебе » ақындар мектебі қоғамдық қоры

Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқамерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім

1. Өтініш беруші				
1. БСН	150440022143			
2. Ұйымның тіркелген күні	20 сәуір 2015 жылы			
3. Ұйымның толық атауы	«Жыр – жебе » ақындар мектебі қоғамдық қоры			
4. Ұйымның заңды мекенжайы	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 29 ш/а, 30 үй, 28 пәтер			
5. Ұйымның басшысы	Тегі Мұсаев	Аты Фархад	Әкесінің аты Әбуғалиұлы	Лауазымы Директор
6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері	<p>«Жыр – жебе » ақындар мектебі қоғамдық қорының негізгі қызметтерінің бірі: Айтыс – ауыз әдебиетінің ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ, алдындағы қолма – қол суырылып салып айтылатын сөз сайысы және ақын – поэтикалық туындыларды суырып салма шеберлікпен орындаушыларды насихаттап, дамытушы болып табылады.</p> <p>Жарғы қызметі бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none">• Дәстүрлі айтыс өнерін сақтау, дамыту, келешек ұрпаққа жеткізу;• Өскелең ұрпақ бойына ата- баба мұраларын құрметтеуді сіңіру;• Маңғыстауда дәстүрлі айтыс мектебін ашу;• Орта мектеп оқушылары мен студенттер арасынан және халық арасынан айтысуға бейім балалар мен жастарды іздеп тауып, оларды айтысу дәстүріне баулу;• Айтыс мектебі оқушыларына Маңғыстаудың бұрынғы өткен ақын- жыраулардың шығармашылығын толық мағлұмат берумен қатар қазіргі белгілі ақындардан дәріс алуын қамтамасыз ету;• Материалдық- техникалық, құқықтық ғылыми жағынан ақындар мектебінің дамуын қамтамасыз ету;			

	<ul style="list-style-type: none"> • Айтыс мектебі оқушыларына оқуда және шығармашылық жарыстарда ерекше жетістіктері үшін сыйақы тағайындау; • Аудандық, қалалық, облыстық, аймақтық, республикалық, халықаралық деңгейде ақындар айтысын өткізу; • Айтыс мектебінің тыңдаушыларын аудандық, қалалық, облыстық, аймақтық, республикалық, халықаралық фольклорлық және дәстүрлі өнер сайыстарына қатысуын, жүлделі орындарға қол жеткізуге қамтамасыз ету; • Айтыс ақындарының жеке күйтабақтарын (аудио-диск), бейне клиптері мен кітаптарын шығарып, халық қазынасына айналдыру; • Қор қызметінің мәселелері бойынша мемлекеттік құрылымдарын және басқа да ұйымдармен өзара іс- әрекет жасау;
7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар	<ul style="list-style-type: none"> • 14-29 жас аралағындағы жастар; • Жастар ұйымдарының жас мүшелері мен жетекшілері; • Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары; • Өңірдегі әртүрлі салада мектепте немесе колледж, университет қабырғасында оқып жүрген 14 – 29 жас аралығындағы жастар • Саяси партиялар жанындағы жастар қанаты; • Волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтар; • Өндірістік кәсіпорындары жанындағы Жас мамандар кеңесінің мүшелері; • Үкіметтік емес ұйымдар
8. Ұйымның байланыс телефоны	8 (702) 123 44 00
9. Электрондық пошта мекен жайы	jyrjebe@gmail.com
10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты	
11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар)	<p>Инстаграм: zhyrzhеbe https://www.instagram.com/reel/CqBdm7UvTUI/?igshid=YmMyMTA2M2Y= <i>(оқырман саны 1014, материал саны 430)</i></p> <p>Фейсбук: Жыр жебе Ақындар мектебі <i>(оқырман саны 792)</i> https://www.facebook.com/100048630525422/posts/742736317357379/?mibextid=1066kq</p>

12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар * Ескерту. * Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып абылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздересебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері.	№	Әлеуметтік жобаның атауы	Қаржыландыру көлемі (теңге)	Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші	Орындау кезеңі		Негізгі нәтижелері
					Басталуы	Аяқталуы	
	1.	Айтыс жанрымен айналысып жүрген талантты жастарға қолдау көрсету	10 350 000,0	Маңғыстау облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	Сәуір	Қараша	1. Жоба аясында жас ақындардың ақындық шеберлігінің шындалуына, көпшілікке танылуына мүмкіндік жасалды, оларды tiktok, Instagram әлеуметтік желілері арқылы таныту жұмыстары жүргізілді. 2. Айтыс өнерінің көмекші оқу құралын дайындап, халық шығармашылығы орталығына ұсынды. 3. Айтыс өнерін халыққа жан-жақты насихатталуына ықпал ету мақсатында 1 аймақтық шара ұйымдастырылды. 4. 3 шеберлік сағатын ұйымдастырып, қатысушыларға сертификаттар табысталды.
	2.						

2. Әлеуметтік жобаның командасы

1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы	Штаттық қызметкерлер: Жоба жетекшісі - Мұсаев Фархад Әбуғалиұлы Есепші маман – Мінәс Мөлдір Махамбетқызы СММ маман – Тәжібаева Ғазиза Бақтиярқызы
--	--

<p>2. Жұмыс тәжірибесі</p>	<p>1. 2016 жылы «Жыр – жебе» ақындар мектебінің директоры</p> <p>2. 2011- 2012 жж. “№ 24 жалпы орта мектебі- Есепші 2012 -2020 жж. ҚР Сыбайлас Жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агентігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің есепші 2020 жылдан бүгінге дейін Маңғыстау облысы Мемлекеттік кірістер департаментінің - Қаржы бөлімінің бас маманы</p> <p>3. 2008 жылы Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау селосындағы «Орталық аудандық емхана» ШЖҚ МКК-да хатшы-ісжүргізуші қызметінен бастады. 2011-2014 ж.ж. «Орталық аудандық емхана» ШЖҚ МКК-да экономист, материалдық есепші болып жұмыс істеді. 2014-2017 ж.ж. «Мұнайлы орталық аудандық аурухана» ШЖҚ МКК-да Мемлекеттік сатып алу жөніндегі есепші болып жұмыс істеді. 2015-2020 ж.ж. Ақтау қаласындағы облыстық 104,6 FM «Жолбаян» Телерадиокомпаниясы ЖШС радиожүргізуші әрі диктор болып жұмыс істеді. Тікелей эфирде студиялық хабарлар жүргізіп, «Жастар тынысы», «Поэзия кеші», «Сәті түскен сұхбат», «Жұлдызды NEWS» бағдарламаларының және «Аңдатпа» айдарының авторы, әрі редактор-жүргізушісі болды. 2017-2018 ж.ж. «Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-да Мемлекеттік сатып алу маманы болып жұмыс істеді. 2018-2020 ж.ж. «Ақ жол» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының баспасөз хатшысы және Маңғыстау облыстық «Ақ жол - жастар» жастар қанатының жетекшісі болып жұмыс істеді. 2020-2024 ж.ж. Астана қаласында «Ақ жол» демократиялық партиясының баспасөз хатшысы болып жұмыс істеді. 2024 жылдың қаңтарынан бастап «Ақ жол» партиясы Маңғыстау облыстық филиалы төрағасының орынбасары қызметін атқарады.</p>
<p>3. Қосымша мәліметтер</p>	<p>1. Білімі: Бакалавр, Ш.Есенов атындағы мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті. Біліктілігі: «Жыр – жебе» ақындар мектебінің шәкірттерімен бірнеше айтыстардың ұйымдастырушысы, Республикалық ақындар айтысының жүлдегері.</p> <p>2. Білімі: Бакалавр, Ш.Есенов атындағы мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті Біліктілігі: - 2019ж. бухгалтерлік біліктілікті арттыру курстары</p>

	<ul style="list-style-type: none"> - 2021ж. кәсіби мамандандырылған бухгалтер курстары - Бірнеше әлеуметтік жобаларының және басқа да коммерциялық жобалардың бас есепшісі. <p>3. Білімі: 2009-2011 жыл аралығында Қазақстандық қазіргі заман «Болашақ» академиясының колледжінде оқып, «Есеп және аудит» мамандығы бойынша «Бухгалтер-ревизор» біліктілігін алды. 2011-2014 жыл аралығында Батыс Қазақстан Инженерлік-Гуманитарлық Университетінде оқып, «Есеп және аудит» мамандығы бойынша «Бакалавр» академиялық дәрежесін алды. 2016-2018 жыл аралығында Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінде оқып, «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша әлеуметтік ғылымдарының экономика және бизнес «Бакалавр» дәрежесін алды.</p> <p>Біліктілігі: Еңбек жылдарында облыстық, республикалық конференциялар, семинарлар, пікірсайыстар, қайырымдылық шаралар, спектакль, қойылымдар үшін гастрольдердің ұйымдастырушысы, Мемлекеттік және қоғамдық қызметте сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін, 2022 жылғы 14 қазанындағы ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Жарлығы бойынша Қазақстан Республикасының Құрмет Грамотасымен нағратталды. Сондай-ақ облыстық және ауыл әкімдерінің, басқарма басшыларының алғыс хаттарымен марапатталған.</p>
<p>4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. https://www.instagram.com/farkhad_mussaev/ 2. https://www.instagram.com/mahanbetkyzy/ 3. https://www.instagram.com/gaziza_baqtivarqyzy/
<p>3. Жоба туралы</p>	
<p>1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты</p>	<p>Айтыс жанрымен айналысып жүрген талантты жастарға қолдау көрсету</p>
<p>2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы</p>	<p>«Жыр – жебе» ақындар мектебі</p>
<p>3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты</p>	<p>Соңғы жылдары жастар айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Жастардың жаңа қажеттіліктері пайда болды және жастарға қатысты жобаларды жүзеге асыру жолдары да өзгерді, жастар арасында жеке бірегейлік пен мәдени тәжірибелерге сұраныс артты. Қарама-қайшылықтар мен қақтығыстардың жаңа көзінің пайда болуы, жастардың белгілі бір іс-әрекетінің мотивациясы мен формаларының өзгеруі байқалады.</p> <p>Соңғы жылдары жастар айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Жастардың жаңа қажеттіліктері пайда болды және жастарға қатысты жобаларды жүзеге асыру жолдары да өзгерді, жастар арасында жеке бірегейлік пен мәдени</p>

<p>талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.)</p>	<p>тәжірибелерге сұраныс артты. Қарама-қайшылықтар мен қақтығыстардың жаңа көзінің пайда болуы, жастардың белгілі бір іс-әрекетінің мотивациясы мен формаларының өзгеруі байқалады.</p> <p>Айтыстың дәстүрлі жанрлық белгілерден жаңылмауы, дамуы мен өзгеріске енуі синкреттілік сипаттардың бәсеңдеуімен немесе оның жаңаша түрленуімен байланысады. «Сөз барымтасы» аталып кеткен аталмыш жанр тіліне, қаузайттын тақырыбына, айтысу ерекшелігіне байланысты түрліше жіктеледі. Сол жіктелу ерекшелігіне байланысты бәдік, өлі мен тірінің айтысы, жар-жар, қыз бен жігіт айтысы, ақындар айтысы сынды бірнеше түрі кездеседі. Олардың ортақтығы мен айырмашылығынан бұрын, әрқайсысының өзіндік өміршеңдік принципі бар. Мысалы, бәдік айтысы – ең көне айтыс, бірақ қазіргі уақытта қолданыста жоқ. Өйткені «бәдік» ұғымы көне сенімнен шыққан. Оған «малдың айналма ауруы», «адамға немесе малға жұғатын індет» сынды анықтамалар берілген. Бұл ұғымды әркім әрқилы түсінеді: бірі «тәңір иесінің аты», ал енді бірі «малға не адамға жабысатын ауру» деген анықтама береді.</p> <p>Өткен жылы өңірде жас айтыскерлерді қолдау арқылы жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкіндігі пайда болды. Жастар арасындағы әлеуметтік мәселелерді алдын алу жолдарын қойылымдар арқылы жастарға жеткізу оң нәтижесін беріп отыр.</p> <p>Қоғам тірі организм, кез келген шектеулерге немесе тақым батырған нүктелерге кері байланыспен жедел жауап беру керектігін анық білеміз. Өтпелі кезеңнің ұрпақтарының санасы нарықтық қатынастың әліппесін жабайы капитализмнен алуымен аяққа тұрғанын күтіп жүріп ұрпақ тәрбиелеуде жіберілген олқылықтарымыз жеткілікті.</p> <p>Мысалы, Маңғыстау облысында мектеп бітіруші түлектер төбелесуі (https://www.inform.kz/kz/mangystau-oblysynda-mektep-bitirushi-tulekter-tobelesti_a3792278), Маңғыстау облысындағы ауылдардың бірінде жасөспірімдердің жаппай төбелесі тоқтар емес, олардың ондаған жасөспірімдер бір-біріне жас таяқ пен тас қолданып шайқасқандары, (https://baribar.kz/169354/aqtaudaghy-zhastardynh-toebelesi-zhelide-tarady/), одан қала берді, Ақтау қаласының жастары бір- бірін соққыға жыққандары соның дәлелі. (https://baribar.kz/169354/aqtaudaghy-zhastardynh-toebelesi-zhelide-tarady/), Жастардың мәдени демалысын ұйымдастыру өте күрделі және уақытты қажет ететін үлкен процесс. Кез келген әлеуметтік-мәдени қызметтің негізінде халықтың мәдениет саласындағы қажеттіліктерін қанағаттандыру қажеттілігі жатыр. Қоғамның барлық талаптары мен сұраныстарына сәйкес келетін іс-шара жасау өте қиын. Мұндай ұйым ұзақ дайындықты, мұқият дайындықты, уақыт пен материалдық шығындарды қажет етеді. Мәдени іс-шараны ұйымдастырып қана қоймай, оны қоғамның, өлкенің, аймақтың қажеттіліктеріне жауап беретін қазіргі заман жағдайына барынша жақындату маңызды.</p> <p>Бүгінгі таңда жастар үшін түрлі іс-шараларды ұйымдастыру, оны белсенді қызмет түрлеріне тарту, таланттарды ашуға және шығармашылық әлеуетті іске асыруға көмектесу маңызды. Жастардың шығармашылық әлеуетін ашудың тиімді тәсілдерінің бірі - суырылып салып айтылатын сөз өнерін дамытқысы келетін жастарды топтастырып «Жыр – жебе» айтыскер ақындар мектебін құру және ұйымдастыру.</p> <p>Қоғамның қазіргі даму жағдайында мерекелер, маңызды оқиғалар, атаулы күндер құрметіне ұйымдастырылатын айтыстар, бұқаралық іс-шараларға, халықтық мерекелерге, конкурстарға айтарлықтай орын беріледі. Олар әр адамның өмірінде ғана емес, жалпы қоғамның дамуы мен қызметінде де маңызды орын алады.</p> <p>Жалпы адамды іс-шара, ұжымдық жұмыстар яғни дайындық барыстары, айтыстарға шығу адамдарды жақындастырады, бірдей көңіл-күй қалыптастырады, бірлік сезімі пайда болады. Шындық пен өнерді біріктіретін</p>
---	---

мерекелік көңіл-күй және гастрольдік іс- сапар бару. Сонымен қатар, жастар театры жастарды дамыту құралы ретінде әрекет етеді, жеке өсуге, шығармашылық әлеуетті дамытуға ықпал етеді.

Кешегі қадау-қадау ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан қазақтың айтыс өнерінің алтын арқауы үзілмейтінін тарих пен уақыттың өзі дәлелдеген шындық. Сахараның сан қырлы мәдениетінің де бір белесі осы – айтыс мұрасы болмақ. Бүгінде оның дамып, халықтың рухани байлығы ретінде жалғасып келе жатқаны қуантады.

Маңғыстау облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының тапсырысы негізінде «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен жүзеге асып жатқан «Айтыс жанрымен айналысып жүрген талантты жастарға қолдау көрсету» атты әлеуметтік жобасының негізінде 2016 Маңғыстау облысында «Жыр – жебе» ақындар мектебі құрылды.

«Жыр – жебе» ақындар мектебі жастардың рухани мәдениеттілігін дамыту, айтыс өнері арқылы жас айтыскер ақындар мектебін құру және жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, жоғары моральдық, адамгершілік, азаматтық және рухани қасиеттері бар қоғамды қалыптастыру процесіне жәрдемдесу мақсатында бірнеше іс-шара өткізіліп келеді. Оны ұйымдастыруда кәсіби шеберлік, сахнада тиянақтылық пен әділдігі және жан дүниенің тазалығының ұштасуын қамтамасыз етті.

2016 жылдан бері облыс көлемінде айтыс өнерін дамыту бағыты бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс беріліп, жас таланттар дайындалып келеді. Алайда, республикалық айтыс додаларына қатысып, жүлдегер атанып жүргендер бірен-саран. Бұл бағытта айтыс жанрын оқытатын арнайы мектеп жоқ болғандықтан, саланы әлі де дамытуды қажет етеді.

Себебі, Өңірде жас айтыскер ақындарды дайындау кәсіби түрде дайындауға қолдау болмады. Айтыс ақындары қандай тақырыпты жырласа да, оның өзекті болып, халық жүрегіне зор әсер етуі сөз жоқ, ұлт тағдырын жан дүниесімен сезінуден, бағалаудан туындайтын құбылыс. Ешқандай ақын ұлт табиғатына жат әдетті жырлаған жоқ, керісінше, халықтың болмысына тән ұлы қасиеттерді дәріштеп, соның жоғын ғана іздеді. Сондықтан да айтыс жырларында көтерілген кез келген проблема ұлт мүддесі үшін қызмет істеді. Мәселен, айтыс жырларында көтерілген жер мәселесі, ауыл проблемасы, экология ахуалы, тіл тағдыры, оқу-ағарту жайы, еліміздегі саяси-әлеуметтік бағыт, тарихи тұлғалар, елді мекен, жер-судың байырғы атаулары, салт-дәстүр, тәрбие-тағылым сияқты толып жатқан шешімі қиын күрделі мәселелерді бұқара халық пен билік назарына дер кезінде насихаттап отырды. Айтыс ақындарының бұл жанайқайы қоғамдық пікір қалыптастырып, тиісті орындардың назарына іліккенін ешкім де жоққа шығара алмайды.

Өз ой өрімімді айтар болсам, мәселе, айтыстың зерттелмей жатқанында емес, қазақ ғылымының кенжелеп қалғанында. Сондықтан, айтыстың зерттелуі туралы сөз қозғағанда, әуелі қазақ ғылымының етек-жеңін жинап, оң-солын танып, дұрыс бағытта дамуына баса назар аудару қажет. Қазақ ғылымы қай уақытта заманына сай құбыласына бет бұрса, сол уақытта айтыстың зерттелуі де дұрыс бағытта, сауатты әрі сапалы жүргізіледі деп ойлаймын. Бір сөзбен қорыта айтар болсам, қазіргі айтыстың зерттелу деңгейіне көңілім толмайды.

(https://adebiportal.kz/kz/news/view/beseudin-oiy-aitys_3477), (<https://ult.kz/post/zhursin-erman>), Сол олқылықтың орнын толықтырып, жас ақындардың қабілетін шыңдап, дамыту жолында жағдай жасауымыз керек.

Десекте, Қазіргі қоғамда, әсіресе, жастар арасында өршіп тұрған дерттің бірі әлеуметтік желі екені белгілі. «Уақыттың бос өткені – өмірдің бос кеткені» деп келген қазақ қазірге интернетке байланып, тұтқыны болып бара жатқаны жасырын емес. Қазірдің өзінде әлем халқының 57 пайызы бетпе-бет тілдесуден гөрі, интернет арқылы, дәлірек айтқанда,

	<p>әлеуметтік желі арқылы «әңгімелеседі». Ғаламтор жүйесінің дамуына 10 жыл ғана болса да, қазірдің өзінде ғаламтор қолданбайтын жастарды табу қиын. Статистикаға жүгінсек, жастардың 49,2% әлеуметтік желіні күнделікті, 19,7% аптасына бір рет және 9,1% айына бір рет тексереді. Бұл деректер ата-аналарды мазалап қана қоймай, психолог дәрігерлердің, мұғалімдердің де ойын қауіптендіреді. Себебі, бұл жастардың қоғамдық, психологиялық дамуына әсер етеді. Әлеуметтік желі бос уақыттың көп бөлігін алатынына көз жеткіздік. Әлеуметтік желі көзбе-көз қарым-қатынасты ығыстырып қана қоймай, әуестікті де алмастырды. Сол себепті, әлі де бос уақыты ұйымдастырылмаған, нақты өмірлік және кәсіби бағдары қалыптаспаған жас өнерге қызушылығы бар немесе поэзия жаза алатын, бірақ, қалыптасып үлгермеген жастардың басын біріктіріп шығармашылыққа яғни айтыс өнеріне баулу қажет.</p> <p>Жастардың рухани әлемін дамытып, айтыс өнеріне баулу керек. Бүгінгі қазақ жастарының ой-арманын білу, олардың бойындағы талантты, рухани-мәдени әлеуетті, талпынысы мен жігеріне жауап берерліктей яғни өздерінің жастарға тән ішкі қуатын өз елінде жүріп толыққанды жүзеге асыратындай және түрлі бюрократиялық кедергілерге тап болмайтындай жағдай туғызу – маңызды міндеттің бірі. Былтыр кешенді Айтыс жанрымен айналысып жүрген талантты жастарға қолдау көрсету мақсатында әлеуметтік жобаның жеңімпазы атанып, Аймақтық айтыс, әдістемелік құрал, 3 шеберлік сағаты өткізіліп, жас ақындарды қолдау үшін кешенді жұмыс жүргізілді.</p> <p>Аталған мәселелерді ескере отырып, жобалық топ Айтыс жанрымен айналысып жүрген талантты жастарға қолдау көрсету мақсатында жүзеге асырылатын «Жыр – жебе» ақындар мектебінің екінші мәрте жобасын ұсынады.</p>
<p>4. Әлеуметтік жобаның мақсаты</p>	<p>Айтыс жанрымен айналысып жүрген талантты жастарға қолдау көрсету</p>
<p>5. Әлеуметтік жобаның міндеттері</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Заманауи медиа технологияларды пайдалана отыра аймақтағы жас ақындардың ақындық шеберлігінің шыңдалуына, көпшілікке танылуына жағдай жасау және кемінде 2 әлеуметтік желіде кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастыру; 2. Маңғыстау облысында айтыс өнерін халыққа жан-жақты насихатталуына ықпал ету мақсатында 1 аймақтық шара ұйымдастыру; 3. Маңғыстау облысындағы кемінде 30 айтыскер ақындарының қатысуымен 4 шеберлік сағатын ұйымдастыру; 4. Аймақтың 4 ақынын республикалық ақындар айтысына қатысуды қамтамасыз ету 5. Жоба шеңберінде кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастыру (кемінде 10000 қаралым жинау)
<p>6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межеленген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу</p>	<p>«Жыр – жебе» ақындар мектебі қоғамдық қоры Маңғыстау облысындағы бейресми 2015 жылдардан бері белсенді әрі тәжірибелі ұйымдармен деңгейлес жұмыс атқарып, жеке дербес мекеме болмаса да, өз қаражат есебінен немесе фандрайзинг арқылы әлеуметтік мәселелерді көтеріп қызмет етіп келді.</p> <p>Жоба аясында өңірдегі әртүрлі салада мектепте немесе колледж, университет қабырғасында оқып жүрген 14 – 35 жас аралығындағы жастардың талантын ашып қана қоймай, Айтыс өнері арқылы бойындағы мәлім, беймәлім қабілеттерін ашып, сана - сезіміне әсер етіп, рухын оятудың және жігерлендіру әрі ынталандыру, олардың әлеуетін арттырудың жаңаша құралын ұсынады.</p>

<p>жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады).</p>	<p>«Жыр – жебе» ақындар мектебі қоғамдық қоры Маңғыстау облысындағы айтыс өнерінің дамуын ілгерілету мақсатында кемінде 30 жас ақынның шыңдалуына қолдау көрсету және шыңдауды көздейді.</p> <p>1. Заманауи медиа технологияларды пайдалана отыра аймақтағы жас ақындардың ақындық шеберлігінің шыңдалуына, көпшілікке танылуына жағдай жасау және кемінде 2 әлеуметтік желіде кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастыру;</p> <p>«Жыр – жебе» ақындар мектебі қоғамдық қоры ұйымдастыруға бағытталған және жобаның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жан-жақты кәсіби тұрғыда әрекет етіледі.</p> <p>№1 әрекет. Заманауи медиа технологияларды пайдалана отыра аймақтағы жас ақындардың ақындық шеберлігінің шыңдалуына, көпшілікке танылуына жағдай жасау және кемінде 2 әлеуметтік желіде кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастырады.</p> <p>№2 әрекет. «Жыр – жебе» ақындар мектебі Аймақтағы айтыс өнерінің насихаттауда медиа платформа ерекшеленеді.</p> <p>№3 әрекет. Әлеуметтік желіде кешенді ақпараттық жұмысы яғни кәсіби студияда кемінде 2 рилс түсіріліп, жарияланады.</p> <p>№4 әрекет. Рилс - tiktok, Instagram, фейзбук әлеуметтік желілері арқылы таратылатын болады.</p> <p>№5 әрекет. Поэтикалық туындыларды суырып салма шеберлікпен орындауына қарай анықталған және ауыз әдебиетінің ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ, алдындағы қолма – қол суырылып салып айтылатын сөз сайысына қабілеті шыңдалу үстіндегі шәкірттеріміз таныстырылатын болады.</p> <p>№6 әрекет. Мекеменің әлеуметтік желлердегі ресми парақшасы әр шараны жариялап отырады.</p> <p>Инновация: Ақпараттық тарату жұмысына блогерлер, аудиториясы көп белсенді жастар тартылады.</p> <p>2. Маңғыстау облысында айтыс өнерін халыққа жан-жақты насихатталуына ықпал ету мақсатында 1 аймақтық шара ұйымдастыру;</p> <p>№1 әрекет. Айтыс арнайы афишасы жасақталып, қатысушыларға хат жолдап, өзара келісімімен жүзеге асырылады.</p> <p>№2 әрекет. Айтыс өтетіндігі туралы әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында және өңірлік көшбасшылардың, Маңғыстаудың белсенді азаматтарының, блогерлердің парақшаларында, сондай-ақ облыстық БАҚ аккаунттарында таратылатын болады</p> <p>№3 әрекет. Танымал айтыскер, ақын Балғынбек Имашев, айтыскер ақын ҚР "Мәдениет саласының үздігі" Нұрлан Мұсаев т.б төрелік етеді.</p> <p>Инновация: Ақпараттық тарату жұмысына блогерлер, аудиториясы көп белсенді жастар тартылады және «айтыскерлер одағы» парақшасының өкілі шақырылады.</p>
--	---

3. Маңғыстау облысындағы кемінде 30 айтыскер ақындарының қатысуымен 4 шеберлік сағатын ұйымдастыру;

№1 әрекет. Қазақстанға танымал, жас ұрпақтың көкейіне ой салып, үлгі көрсетіп жүрген кемінде 4 (төрт) тұлғалармен заманауи еркін форматта кездесу өткізіледі.

1. Филолог, айтыс шебері, филология ғылымдарының кандидаты. Республикалық, халықаралық ақындар айтысының жеңімпазы. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері - **Мәлс Азиұлы Қосымбаев** (Ақтау қаласы)
2. Танымал айтыскер, ақын - **Балғынбек Имашев** (Астана қаласы)
3. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Айтыскер ақын, жазба поэзия ақындарының бірі – **Талғат Мықи** (Орал қаласы)
4. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Айтыскер ақын – **Марат Ахметов** (Ақтөбе қаласы)

№2 әрекет. Кездесуге жас жазба ақындар, жас айтыскерлер қатысады.

№3 әрекет. Маңғыстау облысы мәдениет, тілдері дамыту және архив ісі басқармасына жолданады.

№4 әрекет. Шеберлік сағатының афишасы әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында және өңірлік көшбасшылардың, Маңғыстаудың белсенді азаматтарының, блогерлердің парақшаларында, сондай-ақ облыстық БАҚ аккаунттарында таратылатын болады.

Инновациялар: Шеберлік сағатына ақындардың қатысуы барасында PRO/PRE тест жүргізіледі. Жүргізілген тест арқылы шеберлік сағатының тиімділігі бағаланады.

4. Аймақтың 4 ақынын республикалық ақындар айтысына қатысуды қамтамасыз ету

№1 әрекет. «Жыр – жебе» ақындар мектебінің 30 жас ақынның шыңдалуына қолдау көрсету және шыңдау үшін іріктеу емтиханы жүргізіледі.

№2 әрекет. Іріктеу емтиханын Қазақстанның Мәдениет саласының үздігі, айтыскер ақын Нұрлан Мұсаев және Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының мүшесі, Филолог - айтыскер ақын Алтынбек Сүйінбекұлы сұрақ – жауап, тапсырма беру арқылы іріктеп, емтихан жүргізіп, үздіктердің үздіктерін анықтайды.

№3 әрекет. Іріктеу емтиханынан өткен 4 жас айтыскер ақындар республикалық ақындар айтысына жолдама беріліп, сыйықы беріледі.

Инновация: Ақпараттық тарату жұмысына блогерлер, аудиториясы көп белсенді жастар тартылады және «айтыскерлер одағы» парақшасына жарияланады.

5. Жоба шеңберінде кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастыру (кемінде 10000 қаралым жинау)

№1 әрекет. Бірлестіктің SMM, маркетинг маманы жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты әлеуметтік желілер мен БАҚ-та ілгерілету бойынша жобалық топ контент-жоспар жасақтайды.

	<p>№2 әрекет. Барлық іс-шаралар бірлестіктің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында, БАҚ беттерінде жарияланады. Барлық ақпараттық материалдар Тапсырыс берушімен келісіледі және Манғыстау облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ ресми логотиптері көрсетіледі.</p> <p>№3 әрекет. Жоба шеңберінде кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастырвп, қаралым санын кемінде 10000 жеткізу үшін арнайы Маркетолог маман жұмыс істейтін болады.</p> <p>Инновация: Ақпараттық тарату жұмысына блогерлер, аудиториясы көп белсенді жастар тартылады</p>
7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы	Маңғыстау облысы
8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні	Мамыр 2024 жылы
9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні	Қазан 2024 жылы
10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары	<ol style="list-style-type: none"> 1. Маңғыстау облысының тұрғындары; 2. 6-17 жас аралығындағы мектеп оқушылары; 3. 17-25 жас аралығындағы студенттер; 4. 14-35 жас аралығындағы жастар; 5. БАҚ өкілдері; 6. Мемлекеттік мекемелер 7. Үкіметтік емес ұйымдар 8. Қоғамдық пікір көшбасшылары
11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Заманауи медиа технологияларды пайдалана отыра аймақтағы жас ақындардың ақындық шеберлігінің шыңдалуына, көпшілікке танылуына жағдай жасау және кемінде 2 әлеуметтік желіде кешенді ақпараттық жұмыс ұйымдастырылады; 2. Маңғыстау облысында айтыс өнерін халыққа жан-жақты насихатталуына ықпал ету мақсатында 1 аймақтық шара ұйымдастырылады; 3. Маңғыстау облысындағы кемінде 30 айтыскер ақындарының қатысуымен 4 шеберлік сағатын ұйымдастырылады; 4. Аймақтың 4 ақынын республикалық ақындар айтысына қатысуды қамтамасыз етіледі; 5. Жоба шеңберінде кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастырылады; (кемінде 10000 қаралым жинау)

Сандық нәтижелері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Заманауи медиа технологияларды пайдалана отыра аймақтағы жас ақындардың ақындық шеберлігінің шындалуына, көпшілікке танылуына жағдай жасау және кемінде 2 әлеуметтік желіде кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастырылады <ul style="list-style-type: none"> • Кәсіби студияда рилс түсіріліп, жарияланады - 2 рет 2. Маңғыстау облысында айтыс өнерін халыққа жан-жақты насихатталуына ықпал ету мақсатында 1 аймақтық шара ұйымдастыру; <ul style="list-style-type: none"> • «Ақындар » айтысы – көрермен 300 адам (1000 адам) 3. Маңғыстау облысындағы кемінде 30 айтыскер ақындарының қатысуымен 4 шеберлік сағатын ұйымдастыру <ul style="list-style-type: none"> • Филолог, айтыс шебері, филология ғылымдарының кандидаты. Республикалық, халықаралық ақындар айтысының жеңімпазы. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері - Мәлс Азиұлы Қосымбаев (Ақтау қаласы) – 30 адам (жанама 1000 адам) • Танымал айтыскер, ақын - Балғынбек Имашев (Астана қаласы) – 30 адам (жанама 1000 адам) • Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Айтыскер ақын, жазба поэзия ақындарының бірі – Талғат Мықи (Орал қаласы) – 30 адам (жанама 1000 адам) • Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Айтыскер ақын – Марат Ахметов (Ақтөбе қаласы) – 30 адам (жанама 1000 адам) 4. Аймақтың 4 ақынын республикалық ақындар айтысына қатысуды қамтамасыз ету <ul style="list-style-type: none"> • 30 жас ақынның шындалуына қолдау көрсету және шыңдау үшін іріктеу емтиханы жүргізіледі – 1 рет • Іріктеу емтиханынан өткен жас айтыскер ақындар республикалық ақындар айтысына жолдама беріліп, сыйықы беріледі – 4 дана сыйақы жолдама 5. Жоба шеңберінде кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастыру (кемінде 10000 қаралым жинау) <ul style="list-style-type: none"> • Жобалық топ контент - жоспар – 1 дана • Маркетолог маман – 1 адам 		
Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері	Жобаны іске асырылғанға дейін және кейін мақсатты топ өкілдерінен сауалнама жүргізіледі және пікірлер алынады. Жобаның белсенді кезеңі аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін қатысушылардан әлеуметтік желі арқылы бағалау сауалнама жасақталады. Әр іс- шараға қатысушы қанағаттану деңгейі 80% кем болмау керек.		
12. Әлеуметтік жобаның серіктестері* * Аталғантармақ тек орта	<table border="1" style="width: 100%;"> <tr> <td style="width: 50%;">Серіктестестер:</td> <td style="width: 50%;">Қолдау түрі:</td> </tr> </table>	Серіктестестер:	Қолдау түрі:
Серіктестестер:	Қолдау түрі:		

<p>мерзімді гранттар үшін ғана толтыралады және серіктестердің хаттарымен расталады</p>	<p>Маңғыстау облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы</p> <p>Маңғыстау облысының білім басқармасы</p> <p>Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы</p> <p>Маңғыстау облысының ішкі саясат басқармалары:</p> <p>Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталықтары:</p> <p>«Маңғыстау медиа» ЖШС</p>	<p>Жобаның өңірде жүзеге асыруына кәсіби - әдістемелік, ұйымдастырушылық, ақпараттық, ресурстық қолдау білдіреді. Мүдделі тарап</p> <p>Жобаның өңірде жүзеге асыруына ұйымдастырушылық, ақпараттық және мониторинг жүргізуге қолдау білдіреді</p> <p>Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету.</p>
---	--	--

<p>13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады</p>	<p>Жоба аясында өткізілетін барлық іс-шаралар әлеуметтік желілердегі @zhyrzhebe инстаграм парақшасында үздіксіз жарияланатын болады. Сондай-ақ өңірлік пікір көшбасшыларының, Маңғыстаудың белсенді адамдарының, блогерлердің, сондай-ақ облыстық БАҚ аккаунттары арқылы таратылатын болады.</p>			
	<p>Ақпараттық өнім (мақала, бейнеролик, баннер, пост, бюллетень, т. б.)</p>	<p>Әлеуметтік жоба уақытындағы ақпараттық өнімдердің саны</p>	<p>Жарықтандыру арналары (теледидар, баспа басылымдары, интернет-порталдар, жеке сайт, әлеуметтік желілер, радио, таратылымдар, т. б.)</p>	<p>Ақпараттың таралу жиілігі</p>
	<p>Пост</p>	<p>Аптасына – 1 пост Айына – 4 пост</p>	<p>Instagram, Facebook әлеуметтік желілері</p>	<p>Іс-шараның өту барысында аптасына</p>
	<p>Бейнеролик</p>	<p>1</p>	<p>Instagram, Facebook, әлеуметтік желілері (таратылым)</p>	<p>Іс-шараның өту барысында 1 бейнеролик және анонс</p>
	<p>Банер</p>	<p>1</p>	<p>Іс-шараларды визуалды безендіру</p>	<p>Іс-шараның өту барысында</p>
<p>Мақала</p>	<p>3</p>	<p>Instagram, Facebook, әлеуметтік желілері Аймақтық және республикалық БАҚ</p>	<p>Іс-шараның өту барысында</p>	

Брифинг	1	Instagram, Facebook, әлеуметтік желілері	Жоба іске асыру аясында брифингтер өткізу.
---------	---	--	--

1. Күнтізбелік жоспар

№ Р/с	Шешілетін міндет	Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны	Басталу күні	Аяқталу күні	Күтілетін нәтижелер
1	Заманауи медиа технологияларды пайдалана отыра аймақтағы жас ақындардың ақындық шеберлігінің шыңдалуына, көпшілікке танылуына жағдай жасау және кемінде 2 әлеуметтік желіде кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастыру;	Заманауи медиа технологияларды пайдалана отыра аймақтағы жас ақындардың ақындық шеберлігінің шыңдалуына, көпшілікке танылуына жағдай жасау және кемінде 2 әлеуметтік желіде кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастырады.	Мамыр	Қазан	«Жыр – жебе » ақындар мектебі Аймақтағы айтыс өнерінің насихаттауда медиа платформа ерекшеленеді. Әлеуметтік желіде кешенді ақпараттық жұмысы яғни кәсіби студияда кемінде 2 рилс түсіріліп, жарияланады. «Жыр – жебе » ақындар мектебінің шәкірттерінің айтыстағы үзінділері tiktok, Instagram әлеуметтік желілері арқылы таратылатын болады. Поэтикалық туындыларды суырып салма шеберлікпен орындауына қарай анықталған және ауыз әдебиетінің ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ, алдындағы қолма – қол суырылып салып айтылатын сөз сайысына қабілеті шыңдалу үстіндегі шәкірттеріміз таныстырылатын болады. Мекеменің әлеуметтік желілердегі ресми парақшасы әр шараны жариялап отырады.

2	<p>Маңғыстау облысында айтыс өнерін халыққа жан-жақты насихатталуына ықпал ету мақсатында 1 аймақтық шара ұйымдастыру;</p>	<p>Аймақтық жас ақындар айтысы</p>	<p>Қыркүйек</p>	<p>Қазан</p>	<p>Айтыс арнайы афишасы жасақталып, қатысушыларға хат жолдап, өзара келісімімен жүзеге асырылады. Айтыс өтетіндігі туралы әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында және өңірлік көшбасшылардың, Маңғыстаудың белсенді азаматтарының, блогерлердің парақшаларында, сондай-ақ облыстық БАҚ аккаунттарында таратылатын болады. Танымал айтыскер, ақын Балғынбек Имашев, айтыскер ақын Қ Р "Мәдениет саласының үздігі" Нұрлан Мұсаев т.б төрелік етеді</p>
3	<p>Маңғыстау облысындағы кемінде 30 айтыскер ақындарының қатысуымен 4 шеберлік сағатын ұйымдастыру;</p>	<p>Қазақстанға танымал, жас ұрпақтың көкейіне ой салып, үлгі көрсетіп жүрген кемінде 4 (төрт) тұлғалармен заманауи еркін форматта кездесу өткізіледі.</p> <p>1</p>	<p>Мамыр</p>	<p>Қазан</p>	<p>1. Филолог, айтыс шебері, филология ғылымдарының кандидаты. Республикалық, халықаралық ақындар айтысының жеңімпазы. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері - Мэлс Азиұлы Қосымбаев (Ақтау қаласы)</p> <p>2. Танымал айтыскер, ақын - Балғынбек Имашев (Астана қаласы)</p> <p>3. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Айтыскер ақын, жазба поэзия ақындарының бірі – Талғат Мықи (Орал қаласы)</p> <p>4. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Айтыскер ақын – Марат Ахметов (Ақтөбе қаласы)</p> <p>Кездесуге жас жазба ақындар, жас айтыскерлер қатысады. Маңғыстау облысы мәдениет, тілдері дамыту және архив ісі басқармасына жолданады. Шеберлік сағатының афишасы әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында және</p>

					өңірлік көшбасшылардың, Маңғыстаудың белсенді азаматтарының, блогерлердің парақшаларында, сондай-ақ облыстық БАҚ аккаунттарында таратылатын болады.
4	Аймақтың 4 ақынын республикалық ақындар айтысына қатысуды қамтамасыз ету	«Жыр – жебе» ақындар мектебінің 30 жас ақынның шыңдалуына қолдау көрсету және шыңдау үшін іріктеу емтиханы жүргізіледі.	Мамыр	Қазан	Іріктеу емтиханын Қазақстанның Мәдениет саласының үздігі, айтыскер ақын Нұрлан Мұсаев және Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының мүшесі, Филолог - айтыскер ақын Алтынбек Сүйінбекұлы сұрақ – жауап, тапсырма беру арқылы іріктеп, емтихан жүргізіп, үздіктердің үздіктерін анықтайды. Іріктеу емтиханынан өткен 4 жас айтыскер ақындар республикалық ақындар айтысына жолдама беріліп, сыйықы беріледі.
5.	Жоба шеңберінде кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастыру (кемінде 10000 қаралым жинау)	Бірлестіктің SMM, маркетинг маманы жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты әлеуметтік желілер мен БАҚ-та ілгерілету бойынша жобалық топ контент-жоспар жасақтайды.	Мамыр	Қазан	Барлық іс-шаралар бірлестіктің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында, БАҚ беттерінде жарияланады. Барлық ақпараттық материалдар Тапсырыс берушімен келісіледі және Маңғыстау облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ ресми логотиптері көрсетіледі. Жоба шеңберінде кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастырғандықтан, қаралым санын кемінде 10000 жеткізу үшін арнайы Маркетинг маман жұмыс істейтін болады.

5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы

№	Шығыс бөліктері	Өлшем бірлігі	Саны	Құны, теңгемен	Барлығы, теңгемен	Қаржыландыру көздері	
						Өтініш беруші (өз салымы)	Грант қаражаттары
1	Әкімшілік шығындар:			286968,0	1721808,0		1721808,0
	Еңбекақы, оның ішінде:			283968,0	1703808,0		1703808,0
	Жоба басшысы	ай	6	85 000	510 000		510 000
	СММ маман	ай	6	85 000	510 000		510 000
	Есепші	ай	6	85 000	510 000		510 000
	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар	ай	6	21 318	127 908		127 908
	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру	ай	6	7 650	45 900		45 900
	Банк қызметтері	ай	6	3 000	18 000		18 000
3	Тікелей шығыстар:			2828892,0	3228892,0		8028892,0
	Видеограф	қызмет	4	100 000	400 000		400000
	Қонақ үй	қызмет	5	25 000	125 000		125000
	Баспахана қызметтері	қызмет	1	300 000	300 000		300000
	Қонақтарды күтіп алуды ұйымдастыру шығындары	қызмет	1	2 403 892	2 403 892		2403892
	1 шара. Заманауи медиа технологияларды пайдалана отыра аймақтағы жас ақындардың ақындық шеберлігінің шыңдалуына, көпшілікке танылуына жағдай жасау және кемінде 2 әлеуметтік желіде кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастыру.		2	100 000,0	200 000,0		200 000,0

Студияны жалға алу	қызмет	2	100 000	200 000		200 000
2 шара. Маңғыстау облысында айтыс өнерін халыққа жан-жақты насихатталуына ықпал ету мақсатында 1 аймақтық шара ұйымдастыру.			2 900 000,0	3 100 000,0		3 100 000,0
Мамандар командасымен жобаны ұйымдастыру қызметі, оның ішінде			800 000	1 000 000		1 000 000
Режиссер	адам	1	300 000	300 000		300 000
Контентмейкер	адам	1	200 000	200 000		200 000
Жүргізуші	адам	1	150 000	150 000		150 000
Декоратор	адам	1	100 000	100 000		100 000
Әділ-қазылар	адам	5	50 000	250 000		250 000
ЛЭД экран	қызмет	1	600 000	600 000		600 000
Жүлде қоры		1	1 500 000	1 500 000		1 500 000
3 шара. Маңғыстау облысындағы кемінде 30 айтыскер ақындарының қатысуымен 4 шеберлік сағатын ұйымдастыру.			200 000,0	800 000,0		800 000,0
Кәсіби айтыскер ақындар	адам	4	200 000	800 000		800 000
4 шара. Аймақтың 4 ақынын республикалық ақындар айтысына қатысуды қамтамасыз ету.			100 000,0	400 000,0		400 000,0
Жолдамалық сыйақы	адам	4	100 000	400 000		400 000
5 шара. Жоба шеңберінде кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастыру (кемінде 10000 қаралым жинау).			300 000,0	300 000,0		300 000,0

	Маркетолог	қызмет	1	300 000	300 000		300 000
	Қорытынды:						9 750 700,0

* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатыпалу түсініледі.

6. Өтінімді растау

Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:

- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;
- осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;
- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған іс-шаралар жобасында болмауын;
- осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;
- осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;
- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкескелетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;
- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;
- ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен жасайтын берешекті қоспағанда);
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болыпта былмайтынын;
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруынтара туды қаржыландыру мен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландыру мен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды.

«Жыр – жебе» ақындар мектебі қоғамдық қоры төрағасы

Ф. Ә. Мұсаев.



Толтырылған күні: 18.03.2024 жыл.